

«Кітап қорын толықтыру және әдебиеттерді өңдеу» бөлімі-кітапхананың дербес бір саласы

Кітап қорын толықтыру және әдебиеттерді өңдеу бөлімі кітапхана қоры мен мерзімді басылымдар қорын ең алдымен мемлекеттік тілдегі басылымдармен кітапхананың жарғысының міндеттеріне, оқырмандар құрамы мен олардың сұранысын негізге ала отырып, толық ғылыми – дәйекті және жедел толықтыруды, оларды үнемі жаңартылып отыруын қамтамасыз етеді. Бөлімнің басты міндеті кітапхананы әдебиеттермен толықтыру және өңдеу, оларды аудан және ауыл кітапханаларына бөлу де осы бөлімнің міндетіне жатады.

Кітапхананы әдебиеттермен толықтыру және өңдеу қазіргі заман талабына сай жан-жақты жүзеге асырылып отырады. Жылдан жылға кітапханада кітап қорын жаңа кітаптармен толықтыру мемлекеттік тапсырыс пен баспалардан түскен және жергілікті ақын-жазушылармен зиялы қауым өкілдерінің сыйға тартқан кітаптар есебінен жүргізіледі. Кітап қорына балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптармен қатар мерзімді басылымдар: журналдар, газеттер, CD дисктер және де өнер, ғылым, техника, қоғам салалары, әдебиет классиктерінің еңбектері, анықтамалар, сөздіктер, оқулықтар, электрондық басылымдар кіреді. Сонымен қатар Е– книга, SD-ROM т.б., мәліметтер базасын, шетел елінен шыққан Қазақстан және орта Азия туралы ғылыми, саяси, тарихи, мәдени және т.б., әр түрлі құжаттармен оқырмандар талабына сай қамтамасыз етіледі. Кітап қорын өңдеу және толықтыру бөлімі кітапхана қорына жаңа әдебиеттерді сатып алуды баспалармен, кітап дүкендермен, қоғамдық қорлармен және сыйға тартушылармен бірлесе жұмыс істей отырып жүзеге асырады.

Бүгінгі күні кітап қорымыз 225071 дананы құрайды, оның ішінде 162907 данасы қазақ тілінде.

Кітап қорын жинақтау, өңдеу және каталогтарды ұйымдастыру кітапхананың барлық қорын бейнелейтін бас алфавиттік каталог, оқырмандар үшін алфавиттік, жүйелік және кітапханалық “РАБИС” бағдарламасы бойынша кітап қорының электронды каталогін жүргізеді. Электронды каталог оқырмандарға тез әрі толық ақпараттық көздерді табуға көмектеседі. Кітап қорын өңдеу және толықтыру бөлімі – қорды толықтырумен қалыптастыруда оқырмандардың рухани өрлеуіне үлес қосады.

С.Т.Нығманова,

кітап қорын өңдеу және толықтыру бөлімінің меңгерушісі